

Түркияға барған сапардан түйген ой

№ 1147 ГФ «Қазақ диаспорасы және репатриация: этномәдени мұраны зерттеу және тарихи Отанға бейімделу мәселелері» іргелі зерттеу жобасы бойынша осы жылдың 8 -19 шілдесі аралығында жобаның орындаушысы А. Бейсегулова екеуміз Түркиядағы қазақтардың этникалық тарихын, қазіргі кезеңдегі этникалық дамуын, этномәдени мұраларының сақталуы мен өзгерісін, мәдени сұраныстары мен проблемаларын зерттеу мақсатында іссапармен барып қайттық.

Қазақтар негізінен Стамбулдың Гюнешли ауданындағы Қазақкентте, Зейтинбурнда, Кучук, Чекмеджи, Сафра-кой, Орнектепе аумақтарында көбіне тері өнімдерін өңдеу, тігу және сату бизнесімен тіршілігін жасауда.

Біз қарастырып отырған түрік елінде тұратын қазақтар саны туралы мәліметтер де әралуан, сан айырмашылығы өте үлкен. 10 000-нан 25 000-ға дейінгі сандар аталады. Бірақ біздің ел арасынан алған мәліметіміз бойынша 10000 қазаққа жетпейді. Олардың бір бөлігі бүгінде тарихи отанына оралып, өз тіршіліктерін жасауда. Сондай ақ, Түркиядан Қазақстанға көшіп келген бүгінде Қарасай ауданының тұрғыны отандасымыз Мұхаммедияр Қаратамырдың айтуынша Түркияға алғаш барған қазақтар ұлтын қазақ деп көрсетпей татар не түрік деп жаздырған. Соның нәтижесінде мұндай келеңсіздіктер олардың елге оралуына кедергі болуда деген болатын.

Біз барған бойда қазақтардың Зейтинбұрындағы орталығы «Вакиф» қазақ қоғамына бардық. Бұл қоғам негізінен алғанда қазақтардың өз қаражат күшімен салынған 5 қабатты үлкен жайға орналасқан. Оның екінші қабатында діни сабақтар өтетін орын болса, 3-ші қабаты қоғамның офисі, 4-5 қабаттар қазақтардың жиын өткізетін орны болып саналады. Осы сияқты Қазақкент аймағында да қазақтардың өз қаржысымен салынған екі ғимарат бар. Қожа Ахмет Яссауи атындағы жастарға діни білім беру дәріс мектебінде 30-40 бала білім алады. Мұнда Қазақстаннан келген жастар да түрікше тіл үйреніп, екі жылдан кейін университетке тапсырады. Екінші ғимарат «Қазақкент Алтай мешіті» оған шамамен 500 адам сияды. Отандастарымыз бұл мешіттің атауын туған жерге деген сағыныштан, үнемі айтып жүру үшін «Алтай мешіті» деуді жөн көрдік дейді. Осы тұста өздерінің ұлттық болмысын сақтап қалу үшін жанұшыра әрекет еткен қандастарымыздың ерлігін Мансұр Тәйжі ағамызбен болған сұхбатта көз жеткіздік. Олар алғашқы кезде қаланың әртүрлі аудандарындағы түрік мектептеріне барған қазақтың балаларын түріктенуден сақтау үшін өздері бір аумаққа шоғырлана қоныстануды жөн көрді. Сөйтіп, Түрік өкіметінен шоғырлана орналасуға, ғимараттар салуға жер сұраған. Қазақтардың бастамасын жергілікті өкімет басшылары да қолдап отырғанын айтпай кетпеуге болмайды. Соған байланысты Стамбулдың Гюнешли

ауданында «Қазақкент» елді-аймағы пайда болды. Бірақ қазақ сыныптарын ашуға қол жеткізе алмаса да қазақтардың бірыңғай орналасуы, қазақ жастарының біраз уақытқа дейін өзінің дәстүрлі мәдениетін сақтауға қол жеткізді. Сондықтан болар жас буын қазақ тілін білмесе де орта буындағы отандастарымыз қазақ тілінде сөйлеуге тырысады.

Біздің байқағанымыз Түркиядағы қазақтардың (әсіресе Стамбулда) жас буыны қазақтың тарихын, тілін, мәдениетін білуден қалып барады. Олар негізінен түрік тілінде сөйлеседі. Қазақтардың тұрмыс-тіршілігі қалпы түрік мәдениетіне қарай икемделгені байқалып ақ тұр. Бұл тұрмыста, тұлғааралық қарым-қатынастарда көрініп ақ тұр. Қазақтардың ата тегінің жазылуы да көбінесе түрікше болып келеді. Оны информаторлардан сұрастырғанымызда жергілікті әкімшілік қазақтардың атының қиындығына байланысты өз атауларын бергендігін айтты. Ал, бүгінде сондай қиындық болмасын деп, өз балаларына негізінен түрік есімдерін берді. Сондай ақ салт-дәстүрлер мен мерекелер түріктердің әдет-ғұрпы бойынша өтеді. Бұл әрине қазақтардың Түркияда ұзақ өмір сүруі, олардың мәдениетіне ықпал етті.

Жоғарыда айтып өткен «Вакиф» қоғамында жаз бойы Түркиялық және Еуропалық қазақтар өз жиындарын өткізеді екен. Біз олардың той-жиындарының куәсі болдық. Аталған мекеменің 4-ші қабатына әйелдер, 5 қабатына ерлер жайғасқан. Біздіңше Стамбул, Измирдегі барлық қазақтар шақырылатын сияқты. Бір тойға барған біздің есеп бойынша кемінде 500 адам жиналды. Бірақ біздегі сияқты тойға барып 6-7 сағат отыру, той дастарханындағы ысырапшылдықты көрмейсің. Бір мезеттік дастарханға 5-6 адамнан топтасқан қонақтарға 1 табақ палау мен 1 шыны ыдыс салқын су беріледі. Ас желініп болған соң, шәй ішкісі келгендер екі бөлек жайылған шәй дастарханына жайғасып, шәйін ішіп кете береді. Тойда негізінен жанашырлары болмаса, көпшілігі уақытын кетіріп отырмайды. Тірлігі барлығын айтып кете береді. Сонда күндізгі тойлары 2-3 сағаттан аспайды. Ал кешке тек кинодан көріп жүрген түріктің тойларындай тек тәтті су, торт, күлшелер береді. Дастарханы ондай екен, мұндай екен деген тіпті ой да келмейді. Мұнда тек жиналған жұрт басын қосу, көрісу, ал жастары түріктің әндеріне би билеп жатады. Біздің байқағанымыз бұл жерде де Түркия қазақтарымен Ираннан келген қазақтардың арасында айырмашылық бар екендігі байқалады. Ираннан келгендердің өз қоғамы бар.

Ақиқатында Түркия елі мәдениеті, діні, тілі жағынан бізге анағұрлым жақын ел. Еуропа қазақтары дегенімізбен де олардың барлығы дерлік Түркиядан қоныс аударғандар. Олардың түп тамыры да Стамбулда сақталған. Сондықтан олардың негізгі бөлігі осында келіп қызын ұзатып, келін түсіретіндіктеріне куә болдық. Мысалы біз көрген Австрия қазағы келін түсірсе, Франция қазағы қызын ұзатты. Яғни осындай барлық жиындарын жаз мезгілдерінде осында келіп өткізетіндігіне де куә болды. Сол сияқты Германияда кезінде қазақ қоғамының төрағасы болған Әбдірахман Четин ағамыздан ол жақта мұсылман бейіті барма ? егер о дүниелік болған жағдайда қайда жерлейтіндігін сұрағанымызда, жат жерде қалдырмай марқұмды осы

Түркияға әкеліп жерлейтіндігін айтты. Ол үшін мемлекеттік тұрғыдан сақтандыру шараларын жасап қойғандығын айтты.

Түркиядағы қазақтардың арасында кейінгі жылдары аралас неке көбейе бастады. Тіпті соңғы 5-10 жылда түрік халқымен түбіміз бір деп, некеараласу жиілеп кеткен. Жалпы, этникалық үдерістерде бір ұлт өкілдерінің екінші бір басым ортада ұлт құрамына сіңіп кетуіне ықпал жасайтын факторлардың бірі – аралас неке. Мұндай неке болған жағдайларда халықтың өзіндік мәдени ерекшеліктерін сақтап қалу мүмкіндігі азаяды. Стамбулда болған іс сапарымызда жүргізілген этнографиялық зерттеулер қазақтар шамамен өткен ғасырдың аяғына дейін неке құруда басқа халықтармен көп араласа қоймағандығын байқатса, кейін келе қазақ жастарының білім алуға ұмтылуы, жергілікті жастармен кеңінен араласуы қазақ арасында аралас некені көбейте түсті. Халықтың ассимиляциялануын тездететін факторлардың бірі аралас неке болатын болса, онда бұған да жайбарақат қарауға болмайды. Бұндай жағдайлар болашақта олардың ұлттық болмысын сақтап қалуына күмән тудыратыны сөзсіз.

Түркиядағы аға буын балалары мен немерелерінің болашағына қатты алаңдайды. Оларды Отанға оралу шарттарының қиындығы, бұл жақтағы тіркелу, үй-жай, жеке кәсіпкершілікпен айналысудағы құжаттар жинау машақаты, т.с.с. алаңдатады. Осы жерде айта кететін бір нәрсе соңғы кезеңдерде Түркияда тұрып жатқан қазақтар Ираннан келген қазақтарға қарағанда елге оралуға аса ынталы емес. Себебі, біз оның себебін сұрағанымызда кезінде елге келіп бизнес көзін ашпақ болғанда тауы шағылғандығын айтады. Әрине мұның да көлеңкелі жағы өте көп, айтсаң әңгіме көп.

Түркиядағы қазақтардың ендігі бір тобы (ғалым Әбдіуақап Қара) шетелдегі қазақ диаспорасы Қазақстанның халықаралық қатынастардағы позициясын күшейте алар еді, елдің оң имиджін қалыптастырудың, экономикалық байланыстарды нығайтудың көзі болар еді, деген пікірлерді айтады. Бұл дұрыс пікір. Сырттағы қандастарымыздың тарихи Отанға деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, сол елдердегі қазақтар көмегімен экономика, мәдени салаларда интеграциялық үдерісімізді кеңейте аламыз. Сондықтан екі жақта мемлекеттік деңгейде тығыз қарым-қатынас жасауымыз керек.

Стамбулдағы «Вакиф» қазақ қоры мәдени орталығы қазақтың ұлттық тұрғын-үйі – киіз үй макетін, бірлі-жарым қазақтың тұрмыстық бұйымдарын көрмеге қойған. Біз қоғамда сақталып, шаң басып жатқан қазақтың әсіресе қыздардың сыртқы киімдерінің бірнеше үлгілерін көрдік. Ол киімдерді қазақтардың өздері кейінгі ұрпаққа сақталсын деген оймен орталыққа әкеліп тапсырған екен. Ал, орталықта оны көрме етіп көрсететін орын жоқ. Оларға сақтау шараларын жүргізбесе 2-3 жылда шіріп кету алдында тұр. Бұл киімдерді, қазақтың басқа да қолөнер бұйымдарын бір кіші кіші музей ашып жастардың көретін орнына айналдырса, қазақ жастарының рухы көтерілер еді деп ойлаймыз. Себебі, тілін, мәдениетін ұмытып бара жатқан қазақ жастарын оятар еді. Сондықтан да оларды сақтап, қалпына келтіретін мамандар

жауапкершілігіне беріп, сол жерден арнайы музей ашып, мәдениетіміздің озық үлгілерін жастарға насихаттауға мән беру керек.

Шеттегі қазақтардың Отанға деген ықыласын күшейту үшін қазақ тілінде сабақтар жүргізу, көркемөнер ұйымдарын ашуға, қазақ тарихын, тілін оқытатын курстар ашуға көбірек көңіл бөлу керек. Бірақ осыған қазақтардың өздері де аса бір ден қойып жатқан жоқ сияқты. Қазақтар саналы уақытын босқа кетіргеннен гөрі өз тірлігімен айналысып, табыс табуға көп мән береді. Дегенмен де қандай шаралар жасалмасын оның барлығы қаражатқа тіреледі, оған ҚР тарапынан көмек қажет дегенді айтады. Алғашқы кезде қазақ тілін үйренуге, тарихын, мәдениетін білуге қызығушылық болғанмен қазір бұл ұмтылу жоқтың қасы. Сондықтан бізге ең алдымен сол өздерінің жастарынан кадрлар дайындауды қолға алу керек.

Жалпы, ұлттың мәдени және рухани қайта өрлеуінде жастардың атқаратын қызметі, қосатын үлесі мол екендігі шындық. Кейінгі он жыл ішінде Қазақстанға көшуге бет бұрған қазақ жастары көбейді. Ал, Түркиядан Еуропаға қоныс аударған қазақ жастарының елге оралу ынтасы аса байқалмайды. Мұндай жағдайларға мемлекеттік, жалпы ұлттық деңгейде қарап, шетжерлік қазақ жастарының өз ата-мекенінде білім алуына мүмкіндік жасай отырып, отансүйгіштікке баулу. Тіпті сол Еуропалық білім алған, қызмет істеген қазақ жастарын елге шақырып, мемлекетіміздің өсіп өркендеуіне үлес қоса алатындай мүмкіндік беруге болады. Олай болса, шет жерлерде жүрген қазақтар ұлтымыздың ажырамас бір бөлшегі, сондықтан олардың тілін, ділін, мәдениетін, тарихи Отанын ұмытпау үшін мемлекет тарапынан да ұлтжанды азаматтар тарапынан да бауырға басып, ассимиляцияланып кетпрудің барлық шараларын жүргізу керек деп ойлаймыз.